



Нұр - Сұлтан қаласы «№61 орта мектеп» КММ



ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ САРАЛАНҒАН ТӘСІЛІ

Химия пәнінің мұғалімі
Байтуова Тұрсынай Төлегетайқызы

*«Үш-ақ нәрсе адамның
қасиеті: ыстық
қайрат, нұрлы ақыл,
жылы жүрек»*


Абай Құнанбаев



Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқыту мен оқу тәжірибесіндегі заманауи басқарудағы инновациялық қадамдар мен педагогикалық тиімді әдіс-тәсілдердің бірі – саралап оқытудың өз тәжірибемізде қолданудың маңызы зор. Бұл бағытта оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білу, ұжымда, топтарда жұмыс істеу барысында логикалық, шапшаң есептеу қабілеттерін, сыни ойлауын, функционалдық сауаттылығын дамытып, оқушылардың алған білімдерін іске асыра білуіне, танымдық белсенділігін арттыруға септігі тиеді. Және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың қадамы сынды.

Қазақ халқының аса көрнекті ғалымы, ұлы педагог А.Байтұрсынов «Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру» деген. Жаңартылған білім беру мазмұнын сапалы және тиімді түрде жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты.

Саралап оқыту дегеніміз - бір материалды барлық оқушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғаліммен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастыруды талап етеді.



САРАЛАП ОҚЫТУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Саралау

- *(«Дифференциация» латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру.*

Дифференциацияның негізгі мәні

- *Оқушылардың оқуындағы жеке айырмашылықтарды біле отырып және ескерту арқылы олардың әрқайсысы үшін анағұрлым оңтайлы болатын жұмыс түрін анықтау.*

САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ:



1

Әр түрлі оқушының бейімділіктерін айқындауға, қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдайлар жасау;

2

Оқушылардың танымдық қабілеттерін қанағаттандыру, сыни ойлау қабілетін жетілдіру және болашақ кәсіби қызметіне бейімдеу;

Саралап оқыту — арнаулы мектепте, сыныпта, сынып ішіндегі топта жүзеге асырылатын тәсіл.



Орта мектептегі оқу жоспары мен оқу бағдарламасын оқушылардың бейімі мен қабілетіне, білім деңгейіне қарай жіктеу.



Саралап оқыту оқушылардың білімін жан-жақты дамытуды, оларды қызықтыратын ғылым мен техника саласынан білімін жетілдіруді, сондай-ақ мамандыққа бейімдеуді көздейді



Саралап оқыту білім деңгейі әр түрлі оқушыларды топтарға жіктеп, әр топты өз деңгейіне сай оқытып, білімін одан әрі жетілдіру үшін қолданылады

Оқушылардың жеке және тұлғалық ерекшеліктері, олардың білімі мен тәжірибесі, қабілеттері, танымдық мүмкіндіктері ескерілетін оқу үдерісі

**Мазмүн
бойынша
саралау**

**Мұғалім оқу
мазмұнын) бойынша
әртүрлі деңгейді
қамтитын оқушылар
тобына әртүрлі оқу
әдістерін
ұйымдастырады**

**Үдеріс
бойынша
саралау**

**Үдерісте
оқушыларды
ақпаратты
қабылдау
қабілеттеріне
қарай мүмкіндік
беру.**

**Нәтиже
бойынша
саралау**

**Мұғалім білімді
игерту мақсатында
тапсырма береді,
барлық оқушылар
бір тапсырманы
орындаса да олардың
нәтижелері әртүрлі
болады.**

**Оқу
ортасы
бойынша**

**Мұғалім сыныпта
қолайлы оқу ортасын
қамтамасыз
ететіндей оқу үдерісін
ұйымдастырады.**

Кэрол Анн Томлинсонның зерттеуі бойынша саралап оқытудың төрт жолы бар...

АЙҚЫН САРАЛАУ



Айқын саралау көзге көрінетін саралау түрі:

- жеке жұмысқа арналған деңгейлік тапсырмалар;
- жоғары деңгейдегі оқушылар үшін күрдегенген тапсырмалар;
- әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар;
- әр оқушыға жеке тәсіл;
- жеке шығармашылық жұмыс;
- сабаққа оқушының қосымша озық материалдар дайындауы;
- шешімдер үлгілерін, теориялық анықтамаларды, қосалқы мәселелерді пайдаланып, тапсырмаларды орындау т.б.

Айқын саралау кезінде қиын балармен жұмыс істеудің, үлгерімі төмен оқушыларға көмектесуге, үлгерімі жоғары оқушыларға көңіл бөлудің мүмкіндіктері пайда болады.

ЖАСЫРЫН САРАЛАУ



Жасырын саралау бұл оқыту үдерісінде оқушылардың жеке-леген ерекшеліктерін, оқыту түрлері мен әдіс-тәсілдерін есепке алу, қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмаларды таңдау құқығын беру.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру.



**.Оқушылардың
оқу стиліне
негізделген
сабақтар
дайындайды**

**.Бірлескен қызығушылық,
тақырып немесе
тапсырмаларды орындауға
қабілетті оқушыларды
топтастырады**

**.Қауіпсіз және қолдау
ортасын жасау
арқылы сыныпты
басқарады**

**Сыныпта саралап
оқытуды жүзеге
асыратын
мұғалімдер**

**.Оқушылардың
білімін формативті
бағалайды**

**.Оқытуда қарапайымнан
жоғары қарай Блум
таксономиясына негіздеп
дәріс береді**

**.Оқушылардың
қажеттіліктерін
қанағаттандыру үшін
сабақ мазмұнын үнемі
бағалап және реттеп
отырады**

ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ:



- ❑ *Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған тәсілдері*



САРАЛАУ ӘДІСТЕРІ

**Мақсат
бойынша
саралау**

Сабақтың оқу мақсаттары саралау бойынша жинақталады

**Тапсырма
бойынша
саралау**

Тапсырмалар деңгейіне қарай саралап таңдалып алынды

**Ресурстар
бойынша
саралау**

Тапсырмалар оқулықтан, өмірден, ақпарат құралдарынан, дидактикалық материалдардан саралап алынды

**Жылдамдық
бойынша
саралау**

Тапсырмалар оқушылардың жылдамдығына қарай сараланды

**Оқушыларға
қолдау
көрсету**

Оқушылардың қажеттілігіне қарай нұсқаулықтар берілді

**Нәтиже
бойынша
саралау**

Сабақ мақсатына әр оқушы әр түрлі деңгейде жетеді

Тапсырма

Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау оқу тапсырмасының мазмұны бойынша: шығармашылық деңгейі бойынша, қиындық деңгейі бойынша, көлемі бойынша, әрекетті ұйымдастыру бойынша:

Мұғалім тапсырманы бәріне бірдей таныстырады, ал орындалу кезеңі төмендегідей болуы мүмкін:

1 топ-мұғаліммен бірге;

2 топ- алдымен мұғаліммен, содан кейін өз бетінше;

3 топ- өз бетінше

Тапсырмалардың нұсқалары қиындық деңгейі, шығармашылық деңгейімен және көлемімен ерекшеленеді.

1-нұсқа- негізгі тапсырма;

2-нұсқа-көлемі үлкендеу тапсырма;

3-нұсқа-шығармашылық тапсырма.

Ашық түрде орындалатын тапсырмалар;

Жабық тапсырма түрінде орындалатын тапсырмалар;

Таңдау түрінде орындалатын тапсырмалар; Сондай-ақ оқушының таңдауы бойынша тапсырма жағымды оқу ынтасының қалыптасуына әсер ететінін естен шығармауымыз керек.



ТАПСЫРМА

- *Білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар*
- *Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай графикалық кестелер, сызба түрінде, танымдық сұрақтар мен жаптығулар, типтік есептер;*
- *Күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыруға бағытталған тапсырмалар*



Топтық жұмысты орындау үшін бір топта қандай оқушылардың болатыны маңызды емес. Оқушылар жеке немесе топта меңгерген білімдеріне негізделген тапсырмаларды орындайды

1



Жеке



2



Жұптық



3



Топтық



ОҚЫТУДЫҢ БОЛЖАМДЫ МІНДЕТІНЕ ҚАРАЙ ТОП ҚҰРУДА ТИІМДІ КӨПТЕГЕН ТӘСІЛДЕР БАР





ДИАЛОГ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

Мұғалім оқушылардың деңгейіне қарай өзінің қоятын сұрақтарын және оқушылардың берген жауаптарын саралайды.


Диалог негізінде саралау барысында мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбатқа мән беріледі.

Оқушылардың барлығы бірдей тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көбірек немесе азырақ қолдау көрсетіледі. Бұл тәсілді қолдану мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Мұғалім қабілеті жоғары оқушыларды қолдау үшін жоғары деңгейлі сұрақтарды қолдана алады.

Жылдамдық қарқыны

Оқушыларға ортақ тапсырма беріледі, бірақ оларды аяқтауға жұмсалған уақыт олардың дағдыларына қарай анықталады. Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс жасайды. Қосымша тапсырмалар мен негізгі тапсырмаларды түсіндіруге көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

Ойлануға берілетін уақыттың ұлғаюы (әсіресе күрделі жауаптар үшін) оқушыларға өз жауаптарын түзетуге, нақтылауға және дұрыстауға мүмкіндік береді



Ресурстар

**Аудиалдарға аудио
жазбаларды
тыңдату;**

**Визуалдарды
оқулықпен
қамтамасыз ету;**

**Кинестетиктерге
тапсырмаларды
өздерінің жасап
көруіне мүмкіндік
беру.**

*Кейбір оқушылар сабақта
негізгі мәтінмен жұмыс
жасаумен шектелсе, қабілеті
жоғары оқушылар жетілген
деңгей сөздіктермен және
күрделі идеялармен жұмыс
жасауға қабілетті.*



Аудиалдар – бұл оқушылар ақпаратты есту арқылы қабылдайды. Ақпаратты игеру және түсіну үшін аудиал оқушыларға тыңдатып және қайталап айтып өту керек.



Визуалдар – бұл оқушылар көптеген жағдайда дүниені көзбен көру арқылы қабылдайды. Бұндай оқушыларға кестелер, мәтіндер, суреттер, презентациялар, картиналар, видеожазбалар секілді көру арқылы қабылдауға мүмкіндік беретін дереккөздер ұсынып жұмыс жасатқан жөн.

Кинестетиктер (көне грек – «қозғалтамын, ұстап көремін», ағыл. kinesthetic – «қозғалысқа сезімтал») – ақпараттың көптеген бөлігін дене арқылы сезіну жолымен жасану арқылы қабылдайтын оқушылар. Бұндай оқушыларға өз көзімен көріп, қолымен жұмыс жасап қабылдауына мүмкіндік беретін дереккөздермен жұмыс жасаған жөн.




Бағалау



Оқушылар үнемі
бағаланып отырады,



Сыныптағы жекелеген оқушылардың нені
үйренгенін анықтауға және оны бағалауға
мүмкіндік береді. Мұғалімдер
оқушылардың табысты оқуын қамтамасыз
етумен қатар, оқушының жеке даму
аймағын анықтау арқылы нені жақсарту
қажеттігін түсінуге мүмкіндік беретін
икемді үдеріс.



Нәтиже


- ⑩ *Нәтиже дегеніміз – сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті.*
- ⑩ *Мұғалім мазмұнды меңгерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.*
- ⑩ *Оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойлағандары маңызды.*

ДАҒДЫЛАР:

- *Мақсат қою, бақылау, талдау, салыстыру;*
- *Өз көзқарасын қорғай білуге, бағалай білуге ,тұжырым жасауға дағдыланады;*
- *Шығармашылық тапсырмаларды орындай отырып өзінің жеке тәжірбиесінің негізінде құрастыра білу;*
- *Қорытынды жасау, өз жұмысының нәтижелерін ұсыну;*
- *Аналитикалық және сыни ойлау,*
- *Өзара қарым-қатынас;*

ҚОРЫТЫНДЫ

- *Саралап оқыту - бұл білім беру сапасын жоғарлату үшін оқушылардың әр түрлі қызығушылықтарына, оқудағы артықшылық пен оқуға даярлығына сәйкес оқыту мен бағалауға бейімдеу;*
- *оқу бағдарламасын әр түрлі жолмен жүргізу;*
- *оқушылардың ерекшеліктерін ескеру және оған сәйкес жоспарлау;*



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА

РАХМЕТ!